



ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 04/700

29 января 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

ТОКАЕВ ОТМЕТИЛ СНИЖЕНИЕ ЧИСЛА КОРРУПЦИОННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Глава государства Касым-Жомарт Токаев принял председателя Агентства по противодействию коррупции Алика Шпекбаева, передает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Президента РК.

Касым-Жомарт Токаев заслушал отчет об основных показателях работы Агентства за 2020 год.

Алик Шпекбаев проинформировал Главу государства о реализации антикоррупционных инициатив и прогрессе страны в Индексе восприятия коррупции Transparency International. По словам председателя Агентства, благодаря последовательно проводимой политической модернизации и антикоррупционным реформам **Казахстан** в данном рейтинге **впервые набрал 38 баллов**, что позволило переместиться выше на 19 позиций и занять 94 место.

Касым-Жомарт Токаев позитивно оценил экономический эффект работы Агентства по возмещению ущерба и




предупреждению нерациональных расходов, составивший 95,6 млрд тенге, а также отметил снижение коррупционных преступлений на 5%.

Глава государства акцентировал внимание на необходимости качественной реализации антикоррупционных новелл и продолжения модернизации отраслевого законодательства в соответствии со стандартами ОЭСР и ГРЕКО, в том числе по вопросу введения ответственности за несоответствие расходов чиновников их доходам.

В завершение Президент поручил Агентству продолжить превентивно-профилактическую работу в конструктивном взаимодействии с гражданским обществом, подчеркнув важность незыблемого соблюдения принципа неотвратимости наказания.

Источник: www.kazpravda.kz
28 января 2021 года

Кеңгірбай би Жандос
ұлының туғанына 286 жыл



Кеңгірбай би Жандосұлы 1735 жылы Кеңгір өзенінің жағалауында дүниеге келген, Арғын руының ішіндегі

РУХЫ БИІК, ӨНЕГЕСІ ӨМІРШЕҢ БИ

Тобықтының атақты биі, ел басшысы, ұлы Абайдың 4-ші атасы.

17 жасында Абылай ханнан би атағын алған. Есімі елінің ұранына айналған. Тобықты жұртын Шыңғыстауға қоныстандырған адам. Сөзге шешен, ойға сұңғыла, көреген, кеменгер қайраткер. Ұлы Абай «Кеңгірбай би ел басшысы болмаса, Тобықты әркімге сіңіп, телім боп кетер еді» - деген екен. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан. Кеңгірбай туралы тарихи деректерде, естелік жырларда, дастандарда, шежіре жазбаларында көп айтылады. «Абылай хан» тарихи дастанында:

*«Кеңгірбай, Боранбай би ел үлгісі,
Ізбасты, Бұқар жырау сөз үлгісі.
Дұғай Шықшақ Жәнібектағы да бар,
Жан досы Абылайдың молда кісі»,* - деп жазылған.

Кеңгірбай аты тарихи құжаттарда, жырларда, дастандарда және шежіреде аталып өтіледі.

«Тақыр жерге шоп шықпайды» деген

дей, Кеңгірбай бидің тегі де тегін жерден емес. Оның ата – бабалары ел – жерін қорғаған батыр, бақуатты бай, сөзін сүнгідей өткізе алар сұлтан болған жандар. Кеңгірбай би де өз тұсында Шыңғыстау жерін қоныстанған Тобықтысына көсем болып, ол жерден қалың найман мен матайды, көп керей мен уақты бірте – бірте ығыстырады.

«Мінезі қатты, айласы мол Кеңгірбай би қайыспас қаталдығымен де елге танымал болған.

«Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Кеңгірбай би Жандос ұлының туғанына 286 жыл

толуына орай «Рухы биік, өнегесі өміршен би» атты тақырыбында тарихи ақпараттық сағат болып өтті. Тарихи сағатта ел ішінде билігімен, әділдігімен тура жолдан таймайтын адалдығымен даңқы тараған Кеңгірбай би Жандосұлының тарихынан сыр шертіліп, ол туралы мағлұматтар беріліп, өмірімен таныстырылды.

Келген оқырмандарға Кеңгірбай би Жандосұлы жайында бейнеролик қойылды.

Ешжанова А.М,
«Приозерск қалалық кітапханасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Оқу бөлімінің кітапханашысы

Забота о будущем

ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ НАЧИНАЕТСЯ С СЕМЬИ

Будущее нашей страны - молодое поколение. Молодое поколение - не только прямое продолжение нашей жизни, но и опора, незыблемое будущее нашей страны. Самое дорогое в жизни человека, радость в глазах - это ребенок. Ребенок - самостоятельная личность. Его природные качества, нравственные ценности развиваются в семье, детском саду, социальной среде.

Главным учителем ребенка являются родители. Одна из глав воспитательного процесса заключается в том, что воспитание, начинающееся с семьи, продолжается в жизни детского сада. Каждый ребенок, рожденный в казахской семье, находится в сознании, в основном на воспитании отца и матери. Сегодняшняя цель состоит в том, чтобы каждый ребенок, обладая фундаментальными знаниями, познал основы культуры и создал условия для их всестороннего развития - родители, школа. Поэтому вам необходимо помочь своим детям стать самоуправляемыми гражданами, используя все возможности для обучения и воспитательной работы в школе, которая является домом знаний. Если в семье хорошее мнение о педагогах, то в первую очередь на ребенка благоприятно влияет желание родителей о школе, учителе. Уважение учителя будет другим. В другом мнении о школе, когда перед его ребенком произносятся какие-то странные слова. Он меняет отношение ребенка к учителю. Родители не знают, что мотивацию своего

ребенка они разрушают сами путем домашнего воспитания. Воспитание детей начинается с семьи. По приходу в школу воспитание, сложившееся у него в семье, будет продолжаться и дальше. 4 часа из 24-х за сутки проводятся в школе, остальные - воспитателями остаются постоянно родители. Сознательный рост ребенка - это не более чем плодородное дерево, выращенное совместно учителем и родителями, или создание летательного аппарата. Можно ли радоваться плодородному дереву, которое не выращено должным образом, если оно не приносит правильные плоды? Что толку от запуска самолета, часть которого была сделана неправильно?

Таким образом, каждый родитель, чтобы быть воспитанным, сознательным, культурным, любящим своего ребенка, должен сначала начать воспитание с себя, то есть стараться не показывать пример своему ребенку странными поступками. Родители, которые в молодом возрасте не смогли правильно воспитать своего ребенка, впоследствии жалеют. Так как дерево посадишь, так оно и возрастет. Его рост по прямому пути, как образованного, так и сознательного гражданина, в ваших руках, то есть у каждого родителя.

Мадина Мусатаева,
«Общеобразовательная школа №2»
отдела образования города Приозерск
управления образования
Карагандинской области,
учитель начальных классов

Отбасылық-демографиялық саясат

ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

А.ж. 18 қаңтар күні Приозерск қаласының №44841 әскери бөлімінің әскери қызметшілердің «Отбасымен жұмыс жөніндегі қызмет» басшысы М.Ш. Мырзахметова және балалармен жұмыс



жөніндегі сектордың белсенді өкілі Б.М. Қыстаубаева отбасы жөніндегі жұмыс жоспарына сәйкес, санитарлық нормаларды сақтай отырып №2 жалпы орта білім мектептің ұстаздар қауымымен «Сенің отбасың – сенің тіреуің» атты пікірталас


және оқушылар арасында «Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында кездесу өткізді. Іс-шараның басты мақсаты – отбасылық құндылықтарды насихаттау. Отбасы арасындағы бірлікті нығайту. Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Іс-шара барысында қатысушылар отбасы туралы әңгіме өрбітіп, өз ойларын ортаға салды. Кездесу соңы мектеп мұражайын тамашалаумен аяқталды.

Отбасы - адамзаттың баға жетпес байлығы, адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Отбасынан жаман мен жақсыны айырып өскен азаматтың мемлекет үшін үлесі зор болмақ. Отанымыздың бірлігі мен болашағы әрбір отбасының берекесінен құралатынын ескеріп, әрқайсымыз «Отбасы – шағын мемлекет», «Отан – отбасынан басталады» деген қағидатпен өмір сүріп, қоғамды одан әрі дамытуға өз үлесімізді қоссақ - мемлекетіміздің ілгері басуы сөзсіз.

№44841 әскери бөлімі

«ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ МАТЕМАТИГІ»



Әлімхан Ермеков 1891 жылы осы күнгі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Бөріктас деген жерде дүниеге келеді. Әкесі Әбеу халыққа қадірлі, озық ойлы, орысша сауаты бар, өз дәуіріндегі зиялылардың бірі болған. 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға түседі. Мектеп қабырғасында зейінді, алғыр болған Әлімхан мектепті үздік бітіріп, 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына түседі. Осы оқу орнын 1912 жылы алтын медальмен бітіріп, Томск технология институтының тау-кен факультетіне қабылданады.

Томскте оқып жүріп орыстың озық ойлы ойшылдарымен, ғалымдарымен танысады. Әлімхан Ермеков өз қолымен толтырған анкетарларда ағылшын, неміс, француз, итальян тілдерін білетінін көрсеткен. Қызметтес болған, шәкірт болған және Әлімхан Ермековпен өмір жолы тоғысқан тұлғалардың барлығы дерлік Әлімхан жайында жылы лебіз білдірген.

Ә.Ермеков, алғаш рет саяси іске алаш қозғалысына, 1917 жылы 27 сәуір - 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақ съезіне қатысады. Онда ол съезд шешімімен Семей облыстық қазақ комитетінің мүшелігіне сайланады.

Қазақтар жағынан Халел Ғаббасов екеуі Семей облыстық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болады.

Шілде айындағы жалпықазақтық съезде Семей облысынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады.

1917 жылы 8-17 қазанда 1-Сібір облыстық съезіне, делегаттар жиналысы атынан қатысады. Съезде Сібір автономиясының негізгі заңын жазатын комитет құрылып, оған қазақ Ә.Ермековті кіргізеді.

Осылайша Алаш қозғалысын жолында

көптеген саяси жұмыстарға қатысқаны үшін Қазақ газеті «Әлімхан білімді, шешен, өткір, халыққа қызмет етуді өзіне парыз санаған жігерлі жас азамат», — деп сипаттайды.

Қазақ автономиясын құрылғаннан кейін Ә.Ермеков Қазақ елінің шаруашылық жайын қалыптастырып, нығайтуға, халықты ағарту ісіне бағытталғандығына көз жеткіземіз. Қарқаралыда мектеп ашады, Ташкент пен Алматыдағы жоғары оқу орындарында математикадан дәріс оқиды. «Ұлы математика курсы» 1-бөлім, «қазақ тілінің математика терминдері» атты оқулық, кітаптарды жарыққа шығарады. Қазақ арасынан тұңғыш математика ғылымының профессоры атағын алады. Сонымен бірге нағыз білім мен біліктілікті қажет ететін сала — Халық шаруашылығын жоспарлау комитетінде жауапты қызметте болады.

1929-1930 жылдары бір топ қазақ зиялылары абақтыға алынып, тергеуге түскенде, Ә.Ермековті де түрмеге қоса қамайды. Алаш ісінің мүлдем жойылып кетпеуі үшін М.Әуезов пен Ә.Ермековті «кінәларын мойындап» сол жолы бостандыққа шығады.

Алайда 1937 жылғы қара бұлт Ә.Ермековтің басына тағы да үйіріліп, 1939 жылы

Әлімхан Ермековтың туғанына 130 жыл

сотталып, 1947 жылға дейін түрмеде отырып шығады. Түрмеден шыққаннан кейін жаламен қайта ұсталып, 1958 жылы босайды. 1957 жылы 26 қарашада толық ақталып, Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетінде математикадан дәріс оқиды.

1970 жылы қайтыс болады.

2021 жылдың 21 қаңтар күні «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-де мемлекет және қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі Әлімхан Ермековтың туғанына 130 жыл толуына орай «Әлімхан Ермеков – қазақтың тұңғыш математигі» атты тарихи-танымдық кеш өткізілді. Мақсаты: Әлімхан Ермековтің қоғамдық-саяси өмірі, Алаш қозғалысындағы еңбегі, ел тарихында елеулі орын алатын атпал азаматтың еңбегін көпшілікке паш етіп, асыл мұраға айналдыру.

Ә.Ермековтың туып өскен ортасы, еңбектері жайлы айтылып, «Өмір жолы» атты бейнеролик көрсетілді.

Б.Пирмаханова,

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы

Дін және қоғам

Еліміз тәуелсіздігін алып, әлемдік өркениеттегі өз орын анықтауға бет алғанына да 29 жыл болды. Осы әлемдегі біздің алатын орынымыз қандай, ертең қандай болмақ деген мәселеге тоқтар болсақ олда ұлттың ертеңі оның бүгінгі ұрпағының тәрбиесіне, біліміне, тыныштығына, ұлт алдындағы жауапкершілігін сезінуіне тікелей байланысты екені анық.

Ұрпақ тәрбиесіндегі діни тәрбиенің орны зор. Өйткені діни сауатсыздық және дінсіздік адамзатты құрдымға алып барады. Сол мәселелерді болдырмау үшін өскелең ұрпақты дұрыс арнаға бұру керек. Онымен қоса ата-бабаларымыздың бізге қалдырып кеткен құндылықтарды бойларына сіңіру аға буын өкілдеріне басты міндет. Дін мен дәстүрдің үйлесімді бірлігін берік қалыптастыра білген ұлттың ғана ғұмыры ұзақ болды. Өткеннен өнеге алу – ұрпақтар сабақтастығының кепілі.

Дін тақырыбы қоғамымызда күрделі мәселелердің біріне айналып отыр. Дін арқылы елді біріктіруге де, бұзуға да болады. Қазіргі таңда біріктіруден гөрі бұзу жағы көп көрініс тауып жатқан сияқты. Осыған орай діни экстремизм, діни терроризм деген атаулар жиі аталуда. Жалпы «дін» сөзінен кейін экстремизм, терроризм деген тіркестер қосу ақылға сымсыз нәрселер. Өйткені дін – адамға адам болуды, ұлттарға бірлік пен тұтастықта өмір сүруді үйретеді, жауапкершілік түсінігін, құлшылық білімін және мінез құлықты қалыптастырады. Дін отбасы, мемлекет және қоғам құрылымын мықты негіздермен қамтамасыз етеді. Дін жеке адам мен қоғам үшін қажет.

Тәрбие – адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық әлеуметтік тәжірибесін жас ұрпақтың бойына сіңіру, аға ұрпақ пен жас ұрпақтың өзара бір-бірімен әрекеттесу процесі. Мінез-құлықты қалыптастыру үшін тәрбие үдерісін ұлттық таным негіздерімен үйлестіре жүзеге асыру керек.

Тәрбие – ұзақ және күрделі үрдіс. Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын, тәрбие тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып, бұл процесс әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттілігіне бағындырылады. Сондықтан бала тәрбиесіне аса көңіл бөлу қажет. Себебі олар біздің болашағымыз. Біз зайырлы мемлекет болсақ та, ұлтымыздың ата діні ислам екенін ұмытпауымыз керек.

Ислам тәрбиесі дегенде ұлттық тәрбие екеуі бір дүние десек болады, ол қазіргі таңда біздің қоғамымыз үшін аса қажет. Өйткені ата-бабаларымыз дін мен дәстүрді қатар алып жүрген. Сол дәстүрді жаңғыртуымыз жаңа жаңарған заманның талаптарына қалтқысыз жауап беретін әлеует-қуаты күшті тетікке айналдыра білуіміз керек. Өкінішке орай кейбір (батыстық немесе өзге) «құндылықтар» дінімізден, ұлттық тәрбиемізден, дәстүрімізден жоғары болып тұр. Онымен қоса ақпараттық технологиялары дамып

тұрған тұста ғаламтор қол жетімді дүние болып тұрған кезде, ұлттық ұстанымдарымызға, дінімізге пайдадан гөрі зиян жағы тиіп кететін сияқты. Олай дейтініміз біз өз балаларымызды тәрбиелемесек ғаламтор сол функцияны атқаруы мүмкін. Бұл жерде ғаламтордың немесе әлеуметтік желілердің пайдасынан зиянын көп көрмейтінімізге, жаһандық үдерістердің ағысымен кетпейтінімізге және ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалмайтынымызға ешкім кепілдік бере алмайды.

Қазіргі таңда біздің қоғамда әлеуметтік топтардың ішінде ең әлсіз буын – ол жастар. Олар сенгіш, еліктегіш, сезімге тез берілгіш. Сондықтан болар дін атын жамылған немесе дәстүрлі емес ағымдардың жетегінде кетуі орын алып жатады. Ал мемлекеттің болашағы жастар, жастарсыз мемлекеттің болашағын елестету қиын. Кешегі «кенестік» бүгінгі бос кенестіктерінде кейбір сыртқы күштердің көмегіне сүйенген топтар, ертең еліне қызмет ететін және оны қорғайтын жастарымызға түрлі адамға жат, қоғамға теріс сенімдермен мәдениеттерді тықпалау арқылы олардың саналарын улауда. Ондай топтарды немесе ағымдарды дін деп атауға болмайды. Олар дінді саяси немесе қаржы көзін табу мақсатында пайдаланады. Осыған байланысты қоғамда көтеріліп жатқан мәселені дер кезінде бағамдай білген Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы халыққа жолдауында арнайы бір тармақты дін саласына арнап, 21 ғасырдағы Қазақстандағы дін, діни үдерістер туралы тоқталып өтті.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз» деп қоғамдағы халқымызды тұтастай алғанда, діни сауатының төмендігін назарға ала отырып, кез келген діни ағымның үгітіне еріп кету себебіне тоқталып кетті. «Біздің Конституция Біріккен Ұлтымыз бостандығына кепілдік береді, бұл факт. Сімақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз – хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс. Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты» деп баса айтып өтті.

Жалпы, ислам тәрбиесі арқылы қоғамдағы келеңсіз жағдайлардан арылуға болады. Оны тал бесіктен бастау керек. Ал оны отбасында қалыптастырған жөн. Ұлттық идеология да отбасыдан басталады. Қарапайым адамдардың өз қарым-

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

қатынастарында да оны қолдану аса қажет. Мәселен, ислам дініндегі сәлемдесудің өзі үлкен тәрбие.

Пайғамбарымыз (с.а.с) ол туралы өз хадистерінде былай деген: «Сендер толық иман келтірмейінше - жәннатқа кіре алмайсыңдар. Ал өзара сүйіспеншілікте болмайынша - толық иманға келмейсіңдер. Өзара сүйіспеншіліктеріңді арттыруға септігі тиетін нәрсені айтайын ба? Өзара сәлемдесіңдер, араларыңда сәлем жайыңдар. «Көлікте отырған адам жаяуға, жаяу адам отырғанға, аз адамдар - көпшілікке, жасы кіші -жасы үлкенге сәлем берсін». «Сәлем» - Аллаһ Тағаланың көркем есімдерінің бірі. Сәлем беру – сүннет болса, алу – парыз. Қарапайым қоғамда отбасы – бірден-бір шынайы ақиқат жұмыс істейтін институт. Ата-ана, ерлі-зайыпты және балалардан тұратын ең кішкене адамдар тобы «отбасы» деп аталады. Балалардың алғашқы дамуы, қалыптасуы, әлеуметтік қарым-қатынасы, байланыстары, іс-қимылдары мен мінез-құлық нормаларын меңгеруі отбасынан басталады. Отбасы баланың адамгершілік, тұлғалық қасиеттерін, жеке қабілеттерін дамытып, белсенділікке, шығармашылыққа, жігерлі қайратты болуға тәрбиелейді.

Отбасы ұғымы тек ұрпақ жалғастырумен өлшенбейді. Отбасы – қоғамның маңызды бір бөлігі, ұлттың бүгінгі мен ертеңі. Отбасылардың бірлесуінен ұлт пайда болады. Ұлт үшін отбасының маңызы өте зор. Өйткені, ұлттың кемелденуі – отбасынан.

Отбасы ұлтты ұлт ететін, ұлттық және рухани дәстүрлерді үйрететін мектеп. Аллаһ, отан және ұлт алдындағы борыштарымыз алдымен осы жерде үйретіледі. Кішкентайлар отбасыда үлкендердің іс-әрекеттерін қайталайды, осылайша үнемі көріп жүрген әрекеттер рухында жақсылап орнығады да, әдетке айналады. Осылайша баланың адамгершілік табиғаты мен тұлғасы қалыптасады.

Демек, отбасы ұлт өкілін жүргегінен жасытпай, ұлттық құндылықтардан қағажу қалдырмай, этикалық әдеп, әдет, мінез-құлықтардың ұлтқа тән бірегей тәмсілі мен таусылмас қайнар бұлағы діни-рухани тамырларына жалғасқан қасиетті, киелі мекен.

Абай атамыз: «Адамның бір қызығы бала деген» демекші отбасының көркі мен бақыты, шаттығының көзі болып табылатын бала – ата-анаға Аллаһ Тағаланың берген аманаты. Адам мінезінің белгілі түрде қалыптасуы оның қоршаған дүниеге қатынасына байланысты. Балалардың ақ және таза жүректері бір гаухар. Таза бір

топырақ сияқты. Таза топыраққа не ексең соны аласың. «Әр бала Исламды қабылдайтын табиғатпен (жаратылыс) туады» дейді пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с).

Балалар – адам өмірінің қуанышы, олар өмірді мағыналы етеді әрі солардың арқасында адам игілік пен жақсылыққа кенеледі. Алайда бала бақыт көзіне айналу үшін оларды дұрыс тәрбиелеп, үлгілі азамат етіп қалыптастыру қажет болады. Егер адамның балалары жақсы болса ол жер бетіндегі ең бақытты адам бола алады.

Бұл туралы Құран Кәрімде былай дейді: «Мал мен балалар - дүние тіршілігінің сәні.» (Кәһф 189-46). Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с): «Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеу» дей отырып бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін атап



көрсеткен. Осыған орай Әзіреті Әли былай деген: «Балаларыңды өздерің болмайтын уақыт үшін тәрбиелендер, өйткені олар сендер болмайтын уақыт үшін жаралған». Ата-ана баласының тәрбиесіне Аллаһ Тағаланың алдында және халқының алдында да жауапты.

Жалпы жастарымыз ата-бабаларымыз ұстанған құндылықтарды құрметтеп, оны дәріптесе, дініне де берік болары еді.

Ата-бабаларымыз Ислам дінінің сүнниттік жолымен өмір сүрген халық. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанған сунниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны жөн» деп атап өтті.

Дәстүрсіз ел, халық, ұлт өмір сүре алмайды. Бұл – мойындалған дүние, яғни дәстүріне берік болған адам, дініне де адал болады.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»

ММ



Я ПРИВИВКИ НЕ БОЮСЬ...

Защити свое здоровье

Как-то незаметно пролетел год с тех пор, как мы живем в условиях новой реальности. «Будет ли наш мир прежним?» - то и дело можно было встретить такие заголовки весной 2020-го, когда карантины только набирали силу. И вот сегодня мы живем в новой, постковидной реальности. Но и она не остается статичной, продолжая меняться и трансформироваться каждый день. Повсеместно началась массовая вакцинация в странах "первого мира". По многочисленным прогнозам экспертов и политологов, отклик на это событие будет крайне положительным.

Существующая медицинская система не гарантирует того, что можно выздороветь и выжить, если вы попадете в стационар с вирусом. Статистика, увы, показывает, что после новогодних праздников вновь идет рост заболеваемости почти во всех регионах страны. Страх перед COVID-19 никуда не делся, летальность по-прежнему на достаточно высоком уровне, появляются новые мутации вируса, вызывающие еще более тяжелые формы заболевания. В этом смысле вакцина дает надежду для дальнейшего предупреждения инфицирования и вселяет уверенность, что в самое ближайшее время можно будет вернуться к привычному укладу жизни. Особенно это касается людей старшего возраста, что находятся в группе риска.

Анализ сообщений из стран, где прививки вышли на массовый уровень, показывает, что число сторонников вакцины значительно преобладает над скептиками и «антиваксерами». Есть такая аудитория и у нас, погрязшая в средневековых слухах и пересылающая друг другу дикие небылицы. Объяснить это можно разве что все продолжающимся падением уровня образования и стремительной архаизацией общества...

Мировым лидером по количеству прививок остается Израиль: здесь вакцинировались уже каждые 27 человек из 100, а всего было использовано 2,3 миллиона доз вакцины (при населении страны около 9 миллионов человек!). Привились 12 миллионов американцев, 10 миллионов граждан Китая, 4,5 миллиона британцев. В соседней с нами России вакцинация началась в декабре прошлого года и с 18 января стала массовой. То и дело вижу в сети фотографии от своих друзей с симпатичными паспортами: прививаются самые обычные граждане -- студенты, менеджеры, предприниматели, пенсионеры. В стране применяется отечественная вакцина «Спутник V», которую одним из первых в мире разработал центр Гамалеи. Она состоит из двух компонентов, вводится поэтапно. На середину января успели привиться более 1,5 миллионов человек (всего в РФ произведено уже более 7 миллионов доз, больше 2 миллионов поставлены в регионы страны).

Точно такая же вакцина будет производиться и у нас в Караганде. Соглашение с российским Фондом прямых инвестиций было заключено в декабре прошлого года, тогда же наши специалисты получили сырье

для производства 6 тысяч доз. Вакцина, выпущенная у нас, уже успешно прошла контроль качества в Москве. Ожидается начало массового производства, всего на карагандинских мощностях фармкомплекса планируется поэтапно выпустить 2 миллиона доз.

Минздрав страны уже разработал график вакцинации казахстанцев, она начнется с 1 февраля. На первом этапе прививку получат медработники инфекционных больниц, "скорой помощи", отделений реанимации, ПМСП, приемных покоев больниц, санэпидслужбы -- всего около 100 тысяч человек. Затем с марта 2021 года начнется второй этап, будут вакцинированы 150 тысяч человек -- педагоги школ и университетов, работники ведомственных медслужб. С апреля вакцину начнут получать учителя школ-интернатов, персонал детских садов,



студенты, лица с хроническими заболеваниями - всего 600 тысяч человек. Всего до конца 2021 года планируется вакцинировать 6 миллионов граждан Казахстана.

В планах Минздравоохранения РК введение электронных паспортов вакцинации для тех граждан, которые получают прививку от коронавирусной инфекции.

- Система интегрирована с глобальными информационными системами и позволит всем лицам, получившим вакцинацию, предоставлять информацию по месту требования и для свободного передвижения, - пояснил министр Алексей Цой на специальном брифинге в столице 19 января.

Однако сам вопрос о новых ковидных паспортах непросто. Социологические опросы в разных странах показывают, что большинство к этой инициативе относится отрицательно. Евросоюз недавно заявил о рассмотрении инициативы Греции о едином сертификате вакцинации от COVID-19, что будет способствовать свободному передвижению граждан и поможет развивать замирший туризм. Дания и Венгрия готовы ввести такие электронные документы в ближайшее время. Здесь ключевое значение имеет создание условий для свободного перемещения граждан, однако это в

очередной раз противоречит большинству конституций мира, где свобода передвижения гарантируется. Увы, такова постпандемическая реальность, когда отдельные законодательные акты и постановления санврачей стоят выше основного закона... Кроме того, введение таких сертификатов усилит социальное расслоение. К привычной экономике (соотношение «бедные -- богатые») здесь добавятся физиологические параметры и состояние здоровья. Все это будет только способствовать резкому росту неравенства и влиять на самые разные сферы жизни, вплоть до трудоустройства (есть вакцина -- есть работа, например).

Вакцинация становится мощным фактором геополитики и даже одним из видов оружия в так называемых гибридных войнах. Об этом уже говорят эксперты Всемирного экономического форума в

Давосе, известного рупора западного глобализма. И конкретные основания для таких прогнозов есть: пандемия прямо повлияла на экономику развитых стран, за год они потеряли более 120 миллиардов долларов. Общемировое падение составило уже 1 триллион долларов. Выход из кризиса лежит через массовую вакцинацию, но следует понимать, что это дорогое удовольствие.

Тот, кто получает преимущества по доступу к вакцине, в дальнейшем выигрывает в экономической конкуренции в общемировом масштабе. Эксперты полагают, что таким образом будет создан новый «ковидный союз высокоразвитых стран». Его основу составят государства «Большой семерки». Во-первых, они массово обеспечат вакциной свое население, во-вторых, станут использовать ее для контроля и давления на слабые государства. Возникновение такого COVID-колониализма может ощутимо изменить расстановку сил на политической карте мира. Для других крупных игроков (Индия, Китай, Россия и другие страны) даже возможное появление «ковидного барьера», для этого всего лишь нужно обязать граждан иметь сертификаты и паспорта западного образца. Прививался вакциной «Пфайзер»? Добро пожаловать!

Сделал вакцину русским «Спутником V»? Въезд в Европу или Штаты запрещен! Эдакая копия средневекового перекрытия дорог в удельные княжества.

Россия чувствует себя достаточно уверенно в этой фармацевтической гонке гигантов. Есть контракты на поставку сотен миллионов доз вакцины в Индию, Бразилию, Мексику, Аргентину, Узбекистан и Пакистан. Среди потенциальных покупателей «Спутника» десятки других государств. Такой ажиотажный спрос позволит значительно укрепить производство и нарастит влияние в различных регионах в мире, используя вакцину как инструмент мягкой силы. Хотя проявления «медицинского национализма» от сверхдержав не стоит исключать. На современной войне, как известно, все средства хороши...

- В память о двух миллионах унесенных жизней мир должен проявить подлинную солидарность! - призвал глава ООН Антониу Гутерриш.

По его словам, богатые страны очень быстро получают доступ к вакцинам, в то время как у беднейших мировых экономик их просто нет. Отдельные страны заключают закулисные сделки, закупают вакцины впрок. Понятно, что национальные правительства несут ответственность за защиту своего населения, отметил генсек, но «вакцинный национализм» несостоятелен. Это лишь затормозит процесс глобального восстановления на планете. Вирус нельзя победить, если бороться с ним отдельно в каждой стране. И пока наука движется от успеха к успеху, солидарность отстает от нее. Антониу Гутерриш заявил, что вакцины нужно рассматривать как «глобальное общественное благо». Поэтому глава ООН называет вакцину от коронавируса «народной вакциной» и призывает обеспечить финансирование механизма COVAX, который был создан организацией для того, чтобы она была доступной всем странам.

Он также заявил о необходимости информировать население о вакцинах и противостоять возникающему у людей недоверию.

- Давайте помнить о простых и проверенных шагах, которые мы все можем предпринять, чтобы обезопасить друг друга: носить маски, соблюдать физическую дистанцию и избегать толпы. Наш мир может справиться с этим вирусом, только действуя сообща, - подчеркнул генсекретарь ООН.

Погружаясь в самый сложный календарный отрезок, глухозимье, с надеждой и оптимизмом будем ждать весны и скорейшего возвращения нашей прежней размеренной жизни. С течением времени COVID-19 (это уже понятно всем) никуда не исчезнет, но станет обычным сезонным заболеванием, как хорошо нам известный грипп. Жаль, что произойдет это не в одночасье, ждать придется достаточно долго.

Руслан ТЕЛЕГИН,
обозреватель «Газеты для пенсионеров».
Источник: «Газета для пенсионеров»

Назар аударыңыз!

2020 жылғы 16 қарашада Мемлекет басшысы бәсекелестікті қорғау және реттеу агенттігіне дәрілік заттардың, ең алдымен, ковидке қарсы дәрі-дәрмектердің бағасын төмендету бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

2020 жылғы 24 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-247/2020 бұйрығы (бұдан әрі - Бұйрық) қолданысқа енгізілді.

Бұйрық бұрын қолданыста болған 42-бұйрықпен салыстырғанда елеулі өзгерістер мен толықтыруларды қамтиды.

1.ТЖ, ГЖ, шектеу іс-шаралары жағдайында бағаларды реттеудің ерекше тәртібі енгізілді.

2. «Бір жолғы әкелу» арқылы әкелінген дәрілік заттардың шекті бағаларын белгілеу (ДСМ бұйрығын бекітусіз) көзделген.

3.Дәрілік заттарды келесі жартыжылдықта бекітілгенге дейін бекітілген шекті бағаларсыз өткізу реттелді.

ЖЕЛІДЕ ВАКЦИНАЦИЯҒА МӘЖБҮРЛЕУ МАҚСАТЫНДА ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІ САТУДЫ ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТЫЛУДА!!

4.Теңге бағамының шетел валюталарына ауытқуын ескере отырып, бағаларды түзету тәртібі көзделген.

Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, төтенше жағдай енгізу, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауы кезеңінде көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін, сондай-ақ ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде ДЗ-ға шекті бағаларды қалыптастырудың ерекше тәртібі жүзеге асырылады.

Дәрілік заттарға шекті бағаларды қалыптастырудың ерекше тәртібі кезінде көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін маркетингтік шығыстар алынып тасталынады.

Осы ережелер негізінде "бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық атауына шекті бағаларды бекіту туралы" 2019 жылғы 15 шілдедегі № ҚР

ДСМ-104 бұйрығына өзгерістер енгізілді және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-337/2020 бұйрығымен дәрілік заттардың 370 атауына бағалар бекітілді.

Көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін шекті бағалар орта есеппен 30-40% - ға төмендеді. Бұл шаралар халық үшін дәрілік заттардың экономикалық қолжетімділігін жақсартуға бағытталған.

Әрине, бағаның төмендеуі фармацевтикалық бизнестегі кәсіпкерлерге екі жақты әсер етті. Кейбір дәрі-дәрмектер ескі бағамен сатып алынды және дәріханалар қайта бағаланған кезде шығынға ұшырайды. Қазір дистрибьюторлар өндірушілермен сатып алу бағаларын қайта қарау мүмкіндігі туралы келіссөздер жүргізуде.

Әлеуметтік желіде дәрілік заттарды өткізуді тоқтата тұру туралы таратылатын



ақпарат дұрыс емес болып табылады. Қазір дәріханалар мен дәріхана қоймаларында ЖРВИ-ді арзан бағамен емдеуге арналған дәрі-дәрмектер жеткілікті. Оның үстіне, бұл жағдайдың алдағы КВИ вакцинациясымен ешқандай байланысы жоқ.

Приозерск қаласының Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі " ММ"

ОПАСНОСТЬ ДЕСТРУКТИВНЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ТЕЧЕНИЙ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА АДЕПТОВ

Опасность деструктивных религиозных течений заключается в их целенаправленном влиянии и кардинальной трансформации сознания личности. Так, обращенных убеждают придерживаться сурового стиля жизни, который отражает культовые ценности. Многие культы содержат своего рода общезнание («монастыри», «ашрамы» и т.п.), где вся деятельность концентрируется вокруг культовых целей. На адептов оказывается давление посредством обещаний более высокого статуса с целью заставить их жить в этих домах, например: «Гуру любит всех своих детей, но он особенно любит тех, кто присоединяется к его монашескому дому и посвящает ему всю свою жизнь».

В итоге, строгое следование культовому стилю жизни служит подчинению и усилению преданности обращенного верованиям культа. Кроме того, энергичные программы добывания средств вербовки и другой ориентированной на культ деятельности истощают обращенных, не оставляя им времени и/или энергии на то, чтобы подвергать сомнению культовые предписания.

Важно знать о том, что обучение и чрезмерное использование методик, вызывающих транс (медитация, молитва, монотонное пение, самогипноз) и говорение на языках приводят к подавлению мыслей, чувств и сомнений; ослабляют и изничтожают интеллектуальную и критическую способность; вызывают психопатологию.

Конечно же, собственно сами эти методики по себе не вредны при умеренном, уместном и строго контролируемом (профессиональным врачом или психологом) применении. Однако они причиняют колоссальный вред в деструктивных культах

потому, что используются для искусственного подавления здравого мышления, а не для личностного роста человека.

Использование такого метода, как публичное заявление о верности путем поощрения новых обращенных вербовать других (некоторые культы предлагают более высокий статус и другое вознаграждение преуспевающим вербовщикам), делать торжественные заявления на публичных встречах, подписывать заявления о верности и пр. рекрутируют в культ большой поток людей.



Идеологи псевдорелигиозных течений, понимая, что верующие могут уходить из культа, стремятся использовать на практике угрозы, шантаж и устрашения/проклятия, которые обрамляются определенными текстами: «Если ты уйдешь, твоя жизнь развалится на куски»; «Твоя душа сгниет»; «Ты отправишься в ад»; «Пусть пострадают твои родственники»; «Твоя жизнь будет в опасности» и т.п. В силу этих слов и угроз обращенные боятся покинуть культ и

остаются в нем навсегда.

В своей деятельности лидеры культов используют метод обещания немедленного осуществления мира, спасения души адепта со словами, типа: «только чуть-чуть сильнее постарайтесь, отдайте немного больше себя» и «вы достигнете любого обещанного культом вознаграждения». В итоге обращенные стремятся достичь неких утопических идеалов и обвиняют себя самих за то, что стараются недостаточно усердно.

В арсенале лидеров культов имеется метод работы, обуславливающий ограниченный доступ вербуемых к внешним источникам информации или его полное отсутствие.

В результате такого воздействия, у обращенных не остается каких-либо противоположных точек зрения, чтобы стимулировать критическое мышление о культе. Наоборот, в них укрепляются представления, что сомнения относительно группы отражают недостатки сомневающегося, но не этой «элитарной» группы.

Используя методы перекрытия каналов некультовых связей и эмоциональной поддержки, лидеры культов достигают того, чтобы обращенные становились зависимыми от культа в дружбе, близости и эмоциональной поддержке; сформировали в себе чувства отчуждения, враждебности и

паранойи в отношении некультового мира.

В практике новых религиозных организаций применяется метод контроля сексуальной близости и интимных отношений внутри культа. Так, например, лидер может диктовать, стоит ли адепту жениться, когда и на ком жениться, нужно ли иметь сексуальные отношения, когда их нужно иметь, иметь ли детей, делать ли аборт. В результате такой психологической обработки у обращенных развивается устойчивый искаженный и деформированный взгляд на отношения полов, в том числе – сексуальность и половые отношения.

В результате системной работы над сознанием и психикой личности лидеры и идеологи новых деструктивных организаций, путем интенсивного использования симбиоза методик, добиваются своих целей, которые увенчиваются передачей в пользу культа наследства адептов, банковских счетов, платёжных чеков и другого материального имущества (дома, авто, аудио- и видеотехника и др.).

Что касается адептов деструктивных культов и организаций, то они, как говорят в народе, «остаются у обочины дороги», с раздвоенной психикой, повышенной внушаемостью, с измененными ценностными ориентирами и установками, привитыми с детства и приобретенными в процессе обучения и межличностного общения.

Адаптация и социализация этой группы людей, безусловно, потребует колоссального времени и кропотливых усилий как близких, так и узких специалистов – медиков, психологов, религиоведов.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск»

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-53

График приема граждан: Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела - Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жөлаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48 ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92 Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92 График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нін сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час. ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15, Заказ № 04/700. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041